

**Мемлекеттік көрсетілетін қызметті
Агенттік және оның облыстардағы,
Астана және Алматы қалалары бойынша
аумақтық органдары көрсетеді.**

Өтініштерді қабылдау:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижелерін беруді көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі:

1) тестілеу өтініш берілген күннен бір күнтізбелік күннен ерте емес және қызмет алушы таңдаған тестілеу күні мен уақытынан кешіктірілмей өткізіледі.

Осы стандартқа қосымшаға сәйкес «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге арналған тестілеудің, сондай-ақ осы стандартқа қосымшаға сәйкес «Б» корпусының лауазымына үміткерлердің және құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтардың жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеу бағдарламаларына байланысты ең ұзақ уақыты 3 сағат 45 минуттан аспауы тиіс;

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны: электрондық (жартылай автоматтандырылған) және/немесе қағаз түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің нәтижесі – осы стандарттың қосымшасына сәйкес нысандағы сертификат,

«Б» корпусының лауазымына үміткерлердің және құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтардың жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеу қорытындысы бойынша осы стандарттың қосымшасына сәйкес нысандағы тұжырым немесе осы стандарттың қосымшасына сәйкес нысан бойынша шекті мәннен төмен нәтижелерімен тестілеуден өткені туралы анықтама.

Мемлекеттік тілді білуге арналған тестілеуге шекті мән белгіленбейді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру жұмыс уақытында, алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) Мемлекеттік корпорация – демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – сенбі аралығында сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін, түскі үзіліссіз жүргізіледі.

Құжаттарды қабылдау жеделдетілген қызмет көрсетусіз «электронды» кезек тәртібінде жүзеге асырылады. Электронды кезекті портал арқылы брондауға болады.

3) портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда тәулік бойы.

Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

осы стандарттың қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін қажет);

2) портал арқылы жүгінген кезде:

«электрондық құжат нысанындағы сұрау салу»;

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электронды үкімет» шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті беруші арқылы өтініш берілген жағдайда, құжаттардың қабылданғандығы осы стандарттың қосымшасындағы нысанға сәйкес тестілеудің күні, уақыты және өтетін орны көрсетілген қолхатпен расталады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы стандартпен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті беруден бас тартуға:

1) қызмет алушының соңғы екі айда шекті мәннен төмен нәтижемен тестілеуден өтуі;

2) қызмет алушының соңғы алты ай ішінде Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға кандидаттарды тесттен өткізуді ұйымдастыру, бағдарламаларын және қағидаларын

бұзғандығы туралы қызмет беруші толтырған актінің бар болуы негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, шағым осы стандарттың 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына немесе Агенттік басшысының атына мына мекенжай бойынша беріледі: 010000, Астана қаласы, Абай даңғылы, 33а, телефоны: 8 (7172) 75-34-06.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация филиалының, бөлімінің басшысына Мемлекеттік корпорацияның www.goscorp.kz интернет-ресурсында көрсетілген мекенжайлар бойынша жолданады.

Көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Басқа да нақты ақпаратты келесі мекен-жай бойынша білуге болады:

Қостанай қ., Қасымқан көш., 34, 203 каб.
Байланыс телефондары: 8 (7142) 39 16 64
8 (7142) 39 35 56
8 (7142) 39 17 83

Сенім телефоны: 8 (7142) 39 31 65

Интернет-ресурсы: www.kyzmet.gov.kz



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ЖӘНЕ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ
АГЕНТТІГІ

Біздің міндет - халыққа қызмет

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті» РММ

Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды тестілеу



АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО ДЕЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ
И ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ КОРРУПЦИИ

www.kyzmet.gov.kz

Қостанай, 2018